

- Көпмәдениетті ортағы негізделген ортақ құндылықтар дүниесі қалыптасады;

- Өркениетті елдермен қарым-қатынасты руханилық алғашқы орынға ие болады;

- Адам әлемдік өркениет жағдайындағы жалпыадамзаттық құндылықтар қатарындағы көшбасшыға айналады;

- Білім беру мен тәрбиелеуде интеллектуалдылыққа қол жетімді болып, адамның рухани сапасына мән беріледі;

- Білім беру жүйесінің ортақтасуы біртұтас білім беру кеңістігін құруға алғы шарт болады.

Адамның руханилығы өмірге көзқарасынан, білімінен, мәдениетінен дұрыс не нашар мінез-құлқымен көрініс беріп отырады, ол дұрыс мінез-құлқыты, өмірге көзқарасты қалыптастыру адамның өскен ортасына берілген тәрбиеге тікелей байланысты. Ата-бабаларымыздың болашақ ұрпақтың өмірлік бет-бағдарын қалыптастыруға, яғни олардың бойында ерік, жігер, табандылық, тұрақтылық қасиеттерінің болуына үлкен мән берген. Бұл өз кезегінде педагогикалық пәндер мазмұнында орын алған. Педагогикалық пәндердің мақсаты барлық тарихи

тәжірибеге сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасы, ауыл-аймақтың, елдің ар-намысын қорғауға тағы басқа ізгі қасиеттерге, рухани құнды қасиеттерге баулу, яғни адамның белсенді бет-бағдарын қалыптастыру.

### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде // Алматы ақшамы. -1998. -19 маусым.

2. Қазақстан Республикасының этникалық – мәдени білім тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі. -1996. -№9. –6- б.

*Автор в статье рассматривает пути решения задач духовно-нравственного воспитания студенческой молодежи. Проанализирован ценностный потенциал базового образования в духовно-нравственном воспитании молодежи.*

*The author of the article considers ways of solving problems of spiritual and moral upbringing of students. And also value potential of basic education in the spiritual and moral education of youth.*

**Ұ.Б. Төлешова**

Қазақстан Республикасы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценті,  
педагогика ғылымдарының кандидаты

## УНИВЕРСИТЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭДВАЙЗЕР-КУРАТОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпыадамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде.

XXI ғасырдың басында жаһандану мен ұлттық тенденциялардың бірлігі, үйлесімі

мен текетіресі елдің, ұлттың, жеке адамның адамгершілік қасиет сапаларын, ар-намысын жаңа қырынан саралауды талап етіп отыр.

Осы орайда, біріншіден барлық саланың ғаламдануы, ал екіншіден рухани азғындаудың бас көтеріп, даму үдерісімен түсіндіріледі. Бүгінгі таңда республикамызда нашақорлық, маскүнемдік, жұмыссыздық пен тастанды

балалар санының көбеюі, Қазақстан сәбилерінің жер жүзіне таралып қолды болу сияқты қоғамымыздағы келеңсіз көріністер жалпы тәрбие үдерісінің күрделене түскендігін байқатады.

Бүгінгі тәрбиенің басты міндеті – адамзат мәдениетінің сан ғасырлық өркениеттік жетістіктері мен ұлттық рухани, мәдени байлықты кіріктіре отырып меңгерту, студент-жастарды нарықтық экономикаға бейімделген, өмірге икемделген, жан-жақты жетілген, қабілетті, кез келген тұтқиыл жағдайлардан жол тауып шыға алатын ынталы да іскер, табанды да талантты, Отанын сүйетін азамат етіп тәрбиелеу болып табылады. Адам баласының өз өмір жолында тәрбиелі ғұмыр сүруі оның қоршаған ортасына, достарына, тәрбие беретін мекемелерге және отбасына байланысты. Осы орайда студенттермен жүргізілетін әртүрлі бағыттағы тәрбие жұмыстары олардың шығармашылық, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың маңызы ерекше. Тәрбие қызметінің табыстылығы көптеген жағдайда студенттік топпен бірге жүргізілетін куратор-эдвайзерлерінің кәсіби педагогикалық шеберлігіне байланысты болады.

**Куратор (curator)** – латын тілінен аударғанда қамқоршы деген мағынаны білдіреді. Куратор – ол студенттің өміріндегі тәлім-тәрбие, бос уақытты ұйымдастыру, еңбектену, әлеуметтік сұрақтарын шешу үшін деканат тағайындаған оқытушы.

**Эдвайзер (advizor)**– оқу кезеңінде білім бағдарламасын меңгеруге бағыт беретін арнаулы кафедра оқытушысы.

Ал, куратор-эдвайзер студенттермен тығыз байланыста болып, бірге қызмет атқаратын маман. Оған төмендегідей талаптар қойылады:

- Куратор-эдвайзер оқу жылы барысында студенттік топтың өмірімен танысып, топтық және жеке мәселелерді шешуге көмек көрсету, топта достық қарым-қатынас орнату және әрбір студентке тұлға ретінде қарау.

- Студенттердің сабаққа қатысуын,

үлгерімін, денсаулығын бақылау, сабаққа қатысу, тұрғылықты менен-жайын, бос уақытын ұйымдастыруын, үйірмелерге, спорттық ойындарға, клубтарға және т.б. қатынасуын қадағалау.

- Денсаулығына, оқу сабақтарына, аралық, апталық және сессияға байланысты мәселелер туындаса көмек көрсету.

- Топтағы әрбір студенттің мінез-құлқына, бір-бірімен қарым-қатынасына социометриялық талдау жасау.

- Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту, олардың ғылыми мүдделерін ескеру, зерделеу.

- Студенттерді студенттік өмірге баулу, өздерін-өзі танытуына жағдай жасау.

- Жоғары оқу орнына бейімделу барысында қиындыққа тап болған әрбір студентке педагогикалық-психологиялық көмек көрсету.

- Студенттердің ата-аналармен байланысып тұру және студенттердің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімі және жеке іс-әрекеті туралы қажетті ақпараттар беру.

- Топтағы студенттердің этикалық тәрбиесіне, сыртқы келбетіне, киім-киісіне, жүріс-тұрысына, бір-бірімен қарым-қатынасына, сөйлеу мәдениетіне мән беру және студенттерді университет ережесімен, студент кодексімен таныстырып әрдайым талқылап отыру.

- Студенттермен бірлесіп жылдық тәрбие жоспарын құру және азаматтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық, салауаттылық, құқықтық және т.б. тәрбие беру бағыттарына байланысты тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру.

Куратор-эдвайзерлердің **басты мақсаты** жастардың тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, білім алушылардың мамандықтың жұмыс оқу жоспары аясында білім алу траекториясының таңдамалығы негізінде өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамыту.

Куратор-эдвайзерлердің **негізгі міндеті** оқу тобында тәрбие жұмысын ұйымдастыру, өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және

студенттерді университеттің қоғамдық және шығармашылық өміріне біртіндеп тарту және кураторлық сағат жоспарын құру және сол жоспар негізінде жұмыстар жүргізу. Куратор-эдвайзер сағаты аптасына бір рет жүргізіліп отырылуы тиіс.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаментінің директоры Г.Ә.Сәрсенбекова «Сабақ кестесіндегі кураторлық сағаттардың өткізілу сапасы, куратор-эдвайзерлердің топ активтерімен жұмысты ұйымдастыруы, университеттегі жаңа бастамаларды тез арада топ студенттерімен талқылап, пікір бөлісуі бірізділендірілуі керек»- деген болатын.

Куратор-эдвайзердің атқаратын қызметінің негізгі бағыттарының бірі 1 курс

студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделуі, студенттерге әлеуметтік-тұрмыстық және бос уақытты тиімді өткізу жолдарын шешу барысында топ аралық достықты, бауырмалдықты, ынтымақтастықты, бір-бірін қолдауды, бір-біріне көмек көрсету және т.б. қасиеттерді қалыптастыру болып табылады. Осындай қызметтерді атқаратын куратор-эдвайзерлерге әдістемелік көмек беру мақсатында философия және саясаттану факультетінің жалпы және этникалық кафедра кафедрасының ішінен университет көлемінде жұмыс жасайтын «Куратор-эдвайзер мектебі» ашылып төмендегі бағыттарда жұмыс атқара бастады.



Сурет - Куратор-эдвайзер мектебінің жұмыс бағыттары

Жалпы тәрбие жұмысының бағыттары: рухани-адамгершілік, қоғамдық-саяси және құқықтық, патриоттық және ұлтаралық,

мәдени-эстетикалық және этномәдениеттік, парасаттылық, ақыл-ой, ғылыми зерттеушілік, экологиялық, экономикалық,

салауатты өмірсалты тұрғысында іске асырылады. Оларға қысқаша тоқталайық:

**Рухани адамгершілік.** Рухани-адамгершілік мәдениеті, оның жеке тұлға ретіндегі табысты түрде өз іс-әрекеттерінде іске асырылатын әлеуметтік мәні бар қасиеттер жүйесінің жетілуі және дамуынан көрінеді. Мысалы, ЖОО осы бағытта мақсатты, жоспарлы тұрғыдан мамандардың адамгершілік бейнесі мен дүниеге көзқарасын қалыптастырады.

**Қоғамдық-саяси және құқықтық.** Қоғамдық-саяси және құқықтық мәдениеті оқушылардың өмірге белсенді көзқарасы, идеялық саяси көзқарастары мен сенімдерін, Қазақстан Республикасының заңдары мен заңдық актілерін білуімен сипатталады. Осы мақсатта оқушылармен қоғамдық өмір туралы, оның дамуы туралы, қазіргі заманның күрделі мәселелерін түсіндіру, саяси мәдениет қалыптастыруға бағытталған ішаралар (дәрістер, әңгімелер, кештер және т.б.) жүргізілуі тиіс.

**Патриоттық және ұлттаралық.** Қазақстан Республикасының азаматтарының жалпыұлттық санасын қалыптастыру, отанға сүйіспеншілігін, мемлекеттік рәмізді, тілді құрметтеуге, толеранттыққа тәрбиелеу көзеделеді.

**Мәдени-эстетикалық және этномәдениеттік.** Бұл бағытта жеке тұлға бойында қажетті мәдени құндылықтар ақпарат жүйелері, кітапханалар, жетекші мамандар, барлық саладағы оқытушылар арқылы сіңіріледі. Сондай-ақ маңызды іс-әрекетті оқушылардың оқудан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырыуы арқылы жүзеге асырылады.

**Парасаттылық.** Бұл тәрбиенің мазмұнына адамның бүкіл танымдық қызметтерін дамыту арқылы парасатты дамыту енеді: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял, сөйлеу сияқты психикалық процестер; тәрбиешілердің жеке парасаттылық қабілеттерін және танымдық мүмкіндіктерін дамыту; оқушылардың санасын оның шығармашылық әлеуетін қалыптастыру.

Ақыл-ой тәрбиесі. Білім алу мен оқыту арқылы іске асырылады. (пікір сайыс, ойын, дебат және т.б.)

**Ғылыми-зерттеушілік.** Алдымен оқушылар теориялық білімдерін практикада қолдануға машықтанады. Оқу барысында олар ғылыми зерттеу жұмыстарын іске асырады. Оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу арқылы ғылыми-зерттеу мәдениетінің қалыптасуына жағдай жасалуы тиіс.

**Экологиялық.** Экологиялық тәрбие саласында жалпы ақпараттандыру мен оқушылардың техникалық білім алуымен қатар қоршаған ортаны қорғауды басқару мен экологиялық саясатты жасау мен оған белсене қатысу саласындағы түрлі оқуларды іске асыруға баса көңіл аударылады.

**Экономикалық.** Экономикалық тәрбие жүйесі оқушылардың екінші кезектегі жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесуі

**Салауаттық өмір салты.** Жастардың денсаулығының кепілі де салауаттық өмір салтын ұстануларынан басталады. Қоғамда дені сау адамды тәрбиелеуде бұл тәрбиенің орны ерекше. Ол белгілі орындарда, яғни спорт алаңдарында, сауықтыру орындарында іске асырылады. Осы тәрбие бағыттары негізінде кураторлық сағаттар жүргізіледі.

Кураторлық сағат-оқу жылы басында бекітілген эдвайзер-куратор жоспары негізінде жүргізіледі. Жоспар тәрбие бағыттарына негізделіп жасалуы тиіс. Мысалы: «Отбасы–тәрбие негізі» деген тақырыпта әңгіме жүргізер болса, онда «отбасы» ұғымына талдау жасап, отбасы арқылы студенттер бойына барлық тәрбие бағыттарының қалыптасатынын түсіндіріп кеткен жөн.

Тұлғаның көркемдік талғамын қалыптастырып, сұлулықты қабылдауға үйрету үшін дарын нышанын айқындап, талантын дамыту үшін эстетикалық тәрбиенің мәні зор. Баланың көру сезімі жетіле бастағаннан-ақ табиғаттың тамаша көріністеріне қызыға қарайды, эстетикалық әсералады, үлкендердің түсіндіруімен дүние таниды. Әсемдікті түсіну- адамдық сана-сезімнің жоғары сатысы. Әр баланың көркемдікке өз бейімділігі болады. Сол нышанды ата-ана дер кезінде байқап, қамқорлық жасауы керек. Жас бала сурет

салуға, ән, тақпақ айтуға, билеуге құштар келеді. Оған бишілер мен әншілердің, суретшілер мен әртістердің өнерлері ерекше әсер етеді. Оған ән, тақпақ үйретуден жалықпауымыз керек. Осы орайда ұлы жазушы А.П.Чехов «Адам барлық жағынан да сұлу болуы керек», - дейді. Отбасында ата-ана баланың таза киініп, таза жүруімен қатар оның әдепті болуын талап етеді. Әдептілік эстетиканың негізгі бір саласы. Эстетикалық әсер ізгілік сезім туғызады. Әсерленген балада эстетикалық ұғым, эстетикалық мұрат пайда болады. Көркемдік негіз тұрмысты сәндендіреді және адамның адамгершілік қасиетін арттырады. Әсемдік әрқашанда жақсы сезімге бөлейді. Баланы әсемдікті көре білуге, одан ләззат ала білуге үйретуіміз керек. Әсемдік табиғатта, сондықтан мен алғашқы сабақты табиғат аясында бастадым, - дейді атақты педагог В.А.Сухомлинский. «Баламен бақ ішінде және далада өткізген бір күн – сабақ үстінде өткізген көп аптаға пара-пар» - дейді ұлы педагог К.Д. Ушинский.

Көркемдік сана эстетикалық тәрбиенің аса маңызды нәтижесі, талғамдар мен көркемдік көзқарастардың, эстетикалық мұраттардың жиынтығы. Баланы өнерге үйрету, эстетикалық талғамға үйрету, оның бойына сұлу мінез-құлық қалыптастыру, шығармашылық еңбектерді, үлкенді құрметтеуге үйрету, оның патриоттық сезімін ояту отбасының міндеті болса, әрі қарай тәрбие жұмыстары негізінде балабақшада, мектепте және жоғары оқу орындарында ұштастыру тәрбиешілер, мұғалімдер және куратор-эдвайзерлердің негізгі қызметі болып табылады. Осы орайда, кафедра көлемінде жыл сайын дәстүрлі «Өнерлі студенттер» сайысы ұйымдастырылады. Сайыстың мақсаты 1 курс студенттерінің өнерімен танысу. Сайыс бірнеше бөлімнен ән айта, би билеу, өлең оқу, шығармашылық шеберлігін көрсету және т.б. тұрды. Студенттер мен куратор-эдвайзерлер белсене араласып, кеш тартымды өтті.



Бұндай іс-шаралар жиі ұйымдастырылса, студенттер арасында ынтымақтастық, ұйымшылдық қасиеттерінің қалыптасуына ықпалын тигізері анық. Суреттерден байқағанымыздай студенттер эстетикалық талғамға сай, киімдерін бірігіп таңдап, бірігіп тіккен. Бұл ұйымдастырылған іс-шара студенттердің бойына эстетикалық және еңбек тәрбиесінің қалыптасуына ықпалын тигізері анық.

*В статье автор дает определение понятиям - «куратор», «эдвайзер», а также раскрывает функции куратора-эдвайзера в образовательной деятельности университета.*

*Главная задача куратора-эдвайзера учебной группы – это организация воспитательной работы, формирование актива среди обучающихся, а также привлечение студентов к творческой и общественной деятельности*

университета. Куратор-эдвайзер составляет план воспитательных мероприятий на учебный год и в соответствии с планом осуществляет воспитательную работу.

*The author gives a definition of concepts such as "curator", "Adviser" and reveals the*

*curator-Adviser in the educational activities of the university.*

*The main task of the curator-edvayzre organization of educational work in the group, the formation of self-government and to attract students to the creative and social activities of the university, as well as a plan of educational work and the implementation of this plan.*

**С. М. Сафарова,**

*соискатель Института проблем образования  
Азербайджанской Республики*

### **ВОЗНИКНОВЕНИЕ И ФОРМИРОВАНИЕ ГРАЖДАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

Изменение, происходящие в политической, экономической, социально-нравственной сферах жизни дают мощный импульс для образования демократического общества, опирающегося на твердые законы, т. е. гражданского общества. В гражданском обществе возрастает роль и расширяется поле деятельности каждого его члена. Этому способствует в большей мере то, что наряду с государственными учреждениями власти здесь функционируют различного рода объединения, ассоциации и прочие созданные на юридических основаниях организации. В них каждый гражданин может выступить со своими предложениями и требованиями. Понятия гражданин и гражданство обогащаются новыми качествами. Как известно, в советское время в юридической литературе понятие гражданство подразумевало принадлежность человека данному государству, обеспечивало крепкие юридические отношения между личностью и обществом.

В предшествующей педагогической литературе много говорилось о проблемах основного гражданского образования, необходимость привития гражданских качеств молодому поколению выдвигалась на первое место [1; 2; 3].

Идея гражданского образования стала

объектом пристального внимания в европейских странах особенно в период возрождения, когда такое образование связывали с отношением и принадлежностью государству.

В мире, начиная с 90-ых годов прошлого века наблюдается актуализация процесса обучения демократии, правам человека, уделяется внимание гражданской подготовке посредством систематического образования.

В Декларации и Программе Движения Международной Конференции по Правам Человека, состоявшейся в 1993-ем году в Вене, уделялось особое внимание обучению правам человека, было выдвинуто требование выделить в программах учебных заведений часы на изучение прав человека, гуманитарного права, вопросов демократии и законодательства.

В целях развития демократии во многих странах мира осуществляются учебные проекты, распространяется гражданское образование. Работа в данном направлении позволило накопить богатый и плодотворный опыт в США, России, Польше, Казахстане, Азербайджане и в других странах.

Созданный в начале 90-х годов в США Центр Гражданского Образования еще в 1994-ом году подготовил и стал претворять